

**Н. С. Сембиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аннотация.* Мақалада меншікке қарсы қылмыстардың топтық объектісі — меншік иесінің иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар болып табылатын мәселесі қарастырылған. Осы топқа енетін қылмыстардың тікелей объектісі — меншіктің нақты бір нысаны — мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің немесе басқа ұйымдардың, жеке тұлғалардың меншігіне қол сұғу болып табылады екені айқындалады.

*Түйін сөздер:* Қазақстан Республикасы, Кодекс, заң, қарақшылық, тонау, қылмыс, ұрлық.

Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Меншік субъектілері мен объектілері меншік иелерінің өз құқығын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 188-бабына сәйкес меншік құқығы дегеніміз — субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы — болған қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі<sup>1</sup>.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында айтқан: Біз адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшті, заманауи, қорғанысқа қабілетті әскерді, пәрменді құқық қорғау жүйесін құрдық<sup>2</sup>.

Айталық, бұрын біреудің мүлкін иемдену үшін ұры пәтерге немесе үйге иесі жоқта кіретін, ал қазір ұрлықты ашықтан-ашық жасау, басқаша айтқанда, қарақшылық пен тонау көбейді.

Әрине, мұндай әдіске көшкен қылмыскерлер жасырын ұрлауды да тоқтатқан жоқ, дегенмен қазір есікті бұзып ашу, үй иелерін жарақаттау немесе өлтіру, мүлікті иемдену өсіп барады.

Бұл тақырыпты таңдау себебім, қазіргі уақытта халық нарықтық экономикаға бой үйретіп, өзінің қажеттілігі үшін мүлікті қанша керек болса, сонша алуда. Бұл мүлік біреудің еңбегімен, маңдай терісімен келген деп есептесек, біреулер оны арамтамақтық (паразиттік) жолмен оны өз меншігіне айналдыруға тырысады. Ал қарақшылықта мұндай әрекеттердің нәтижесінде, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп туады. Сондықтан бұл қылмыс бірден екі объектіге бағытталған.

Меншік иесінде өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік жасау құқығы болады. Меншікке қарсы қылмыстар туралы заңға заң нормаларымен қорғалатын тікелей объект ретіндегі меншіктер қатынасының мәнін осы құқықтар құрайды.

Иелену құқығы дегеніміз — мүлікті іс жүзінде иеленуді заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік арқылы жүзеге асыру.

Пайдалану құқығы дегеніміз — мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алу және одан пайда көру мүмкіндіктерін заңмен қамтамасыз ету. Пайда — кіріс, өсім түрінде, жеміс — өнім сипатында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз — мүліктің заң жүзіндегі тағдырын біреудің Заңмен қамтамасыз етуі. (ҚР АҚ-нің 188-бабының 2-бөлігі).

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде, бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүмкіндікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы (ҚР АҚ-нің 188-бабының 3-бөлігі). Меншікке қарсы жасалған әрбір ұрлық және басқа да қылмыс қоғамға қауіпті, себебі ол көрсетілген қатынастарды бұзады. Қазақстан Республикасында меншіктің жеке және мемлекеттік түрлері мойындалған. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің "Меншікке қарсы қылмыстар" тарауында бекітілген баптардың диспозицияларының мазмұны бұл қарастырылып отырған қылмыстардың тікелей объектісі бөтеннің меншігі екендігін көрсетеді.

Қарақшылық қылмысының қауіптілігі бөтеннің меншігіне қол сұғумен бірге, осы қол сұғудың өте қауіпті тәсілі — шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқанында болып табылады.

Бұл қылмыс көбінесе жастармен көп жасалады. Сондықтан бұл қылмысты алдын алу қажет. Қарақшылық қылмысын саралағанда көптеген қателіктер кетіп жатады. Мұны тергеу және сот тәжірибелерінде көруге болады. Қарақшылық қылмысы тонау, қорқытып алушылық және бандитизм қылмыстарымен ұқсас болғандықтан, бұл қылмыстарды ажырату және дұрыс саралау теориялық мәнге ғана емес, тәжірибелік мәнге де ие болып табылады.

Егер жәбірленушінің еркінсіз, оның өмірі мен денсаулығына қауіпті улы, есенгірететін, есірткі заттарын беру арқылы, оның мүлкін иеленсе, онда оның күш қолданып жасалған қарақшылықтан еш айырмашылығы жоқ. Мұнда біз жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп тудырды ма, жоқ па? Анықтап алуымыз қажет. Егер жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп тудырмаса, онда оны тонау ретінде саралауымыз керек.

Тергеу және сот тәжірибесінде бұл мәселеге көп мән берілмейді. Ал негізі бұл саралауда өте қажет. Сонымен қатар денсаулыққа зиянның ауырлығын бағалағанда сот-медициналық сараптамасы тағайындалуы керек. Ал бұл көп жағдайда тағайындала бермейді.

Қазіргі Қылмыстық кодексте және Жоғарғы Соттың басқа да нормативтік қаулыларында орыс тіліндегі «хищение» сөзі «ұрлау» деп аударылған. Бұл дұрыс емес. Өйткені, ұрлау ұрлықпен сабақтасып жатыр. Сондықтан бұл терминдерді шатастыру оқушылардың арасында ғана емес, заңда, қаулыларда да орын алып жатады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 11 шілде 2003 жылғы № 8 нормативтік қаулысында бір ғана орыс тіліндегі «хищение» сөзі екі бөлек терминмен аталған, ол яғни ұрлау және ұрлық. Сондықтан мұны талан-тараж сөзімен алмастыру қажет<sup>3</sup>.

Тергеу және сот тәжірибесінде материалдарды қарап шығып, мынадай тұжырымға келуге болады: тәжірибедегі қызметкерлер мүлікті алу үшін күш қолданылған кездегі келтірілген тиісті дене жарақатының дәрежесін анықтауға қандай да бір көңіл бөлмейді. Кейбір жағдайларда қолданылған зорлық жәбірленушінің денсаулығына қауіп төндірді ме, әлде денсаулығын бұзбайтындай жеңіл дене жарақаты салынды ма, қажетті процессуалдық құжаттарда көрсетілмейді. Ал қолданылған зорлықтың дәрежесін білмей жатып, оны қарақшылық немесе күш қолданып жасалған тонау деп саралау әрқашанда қиындық туғызады.

Кейбір жағдайларда қарақшылық көбінесе жаппай тәртіпсіздіктер болғанда орын алатынына көз жеткізуге болады. Сондықтан қарақшылықтың ерекше сараланған

нышанында «соғыс және төтенше жағдайлар кезіндегі қарақшылық жасауды» жатқызу керек. Бұл норма осы жағдайлар орын алған кезде қарақшылық қылмысын алдын алу болып табылады. Себебі, соғыс және төтенше жағдайларда айыпты өзінің білінбей, ұсталмай қалуы мүмкіндігінің болуына байланысты бұл қылмысты жасауы әбден мүмкін.

Қылмыстың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің көтеріңкі жағдайы оның екі бірдей объектісі — меншікке және адамның өмірі мен денсаулығына бір мезетте қылмысты қол сұғуы арқылы сипатталады.

Қарақшылықтың субъективтік жағында міндетті белгі ретінде «пайдакүнемдік мақсат» қарастырылған. Сонымен қатар оны «бөтеннің мүлкін иелену мақсаты» деп те қарастырады. Ал ниет қарақшылықтың міндетті белгісі ретінде қарастырылмаған.

Ниет пен мақсат бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, бұлар екі түрлі түсініктер болып табылады. Ниет — бұл адамның ойындағы, оны қылмыс жасауға итермелейтін нәрсе. Ол адамды не итермелейді, не жүргізеді деген сұраққа жауап берсе, мақсат — бұл адамның белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыру үшін тілейтін, күтетін және іс-әрекеттің нәтижесін алдын ала тосу әрекеті. Сондықтан ниет адамның белгілі бір мақсаттарға жетуіне ықпал етеді.

Осы жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қылмыстық кодексте ниетті міндетті белгі ретінде қарастыру керек деп ойлаймын. Сондықтан Қылмыстық кодекске өзгертулер енгізу керек, онда ниет пайдакүнемдік, ал мақсат бөтеннің мүлкін иеленудегі материалдық мүдде ретінде қарастырылуы қажет.

Сонымен қатар қарақшылықты болғызбау үшін, оны алдын алу үшін жастардың, қылмыскерлердің арасында оны ауыр қылмыс ретінде қарастыратынын, оған үлкен жаза тағайындалатынын ашық айту керек. Мұндай жұмыс әсіресе, жоғарғы оқу орындарында, колледждерде, мектептерде жүргізілуі керек және оны жүргізуде полиция, прокуратура қызметкерлері белсенділік танытуы қажет.

## **РЕЗЮМЕ**

В статье отмечается, что групповым (родовым) объектом в преступлениях против собственности являются отношения собственности в целом, включающие права любого собственника по владению, пользованию и распоряжению своим имуществом. Эти же права служат объектом преступления и в том случае, когда деяние совершается в отношении частной, государственной, муниципальной собственности, собственности общественных объединений.

## **RESUME**

The article deals with that group (generic) object in crimes against property are the property relations in general, including the right of the owner to possess, use and dispose of their property. These rights are the subject of the offense and in the case when the act is committed against a private, state, municipal and ownership of public associations.

- 
- <sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы № 858 Жарлығы // [online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)
- <sup>2</sup> Назарбаев Н. А. Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 17 января 2014 года // [online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)
- <sup>3</sup> Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003 года № 8 «О судебной практике по делам о хищениях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.04.2011 г.). [online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)